

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерін өткізіп берудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 22 қазандағы N 460 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директоры 2000 жылғы 16 қазан N 692. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 25 қараша N 1303 тіркелді. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы N 153 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы N 153 (қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің үздіксіз есептелуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты Қаулы е т е д і :

1. "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерін өткізіп берудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Ұлттық комиссияның 1999 жылғы 22 қазандағы N 460 қаулысына V990955_ ("Рынок және құқық", "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 9(11), 8-10-беттер) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 қазанда 955 нөмірмен тіркелген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға жасасқан шарттар бұзылған кезде зейнетақы активтерін өткізіп берудің тәртібі туралы нұсқаулыққа:

1) 4-тармақ мынадай мазмұнды 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Шартты бұзу күнінің алдындағы айлардағы Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтамалардың Ұлттық комиссияға ұсынылған көшірмелері";

2) 5-тармақ мынадай мазмұнды 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) Шартты бұзу күнінің алдындағы күннің соңына Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеудің нәтижелері;".

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін Ұлттық комиссия Төрағасының Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитет Төрағасымен келісім бойынша шығарған бұйрығымен күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау

басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) кастодиан-банктердің, "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің
Жинақтаушы зейнетақы қорларының
қызметін реттеу жөніндегі
комитетімен

Келісілген

Комитет Төрағасы

2000 жылғы 16 қазан

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК